

**Каражанова Жанат Кокеновнаның 6D030100 «Құқықтану» мамандығы
бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
«Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйайлар
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және
криминологиялық аспекттері)» атты диссертациясына ресми
РЕЦЕНЗЕНТТІҢ**

СЫН ПКІРІ

**1. Ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік
бағдарламаларға сәйкестігі.**

Жанат Кокеновна Каражанованың диссертациялық зерттеуі мемлекетіміздегі орын алып келе жатқан қоғамға қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелерін қарастыруға арналған.

Қазақстан Республикасында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізудің нормативтік базасы құрылған болатын. Ол Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйайлар жемқорлыққа қарсы стратегиясы, «Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан тұрады. Сонымен бірге, Қазақстанмен қол қойылған көптеген өзара халықаралық келісімдерді жатқызуға болады: 2003 жылғы Стамбул қаласында Стамбул сыйайлар жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспары, 2008 жылдың 4 мамырында «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыйайлар жемқорлыққа қарсы конвенциясы», 2019 жылдың 27 тамызында Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы Сыйайлар жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы мүшелері өкілдерінің және бағалаушы топтар мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты келісім.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйайлар жемқорлыққа қарсы стратегиясы көрсеткендей, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесі керек. Стратегияда аталғандай, халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйайлар жемқорлықтың қауіпін оның мемлекеттік секторларды ауқымдарымен толық салыстыруға болады, - деп көрсетілген.

Сондықтан, диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағытына сәйкес келеді және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйайлар жемқорлыққа қарсы стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы сияқты бағдарламаларға сай.

2. Таңдалған тақырыптың өзектілігі.

Қазақстан Республикасында квазимемлекеттік және жекеше секторлар тез даму үстінде. Бір жағынан, жаңа тетіктер арқылы экономиканы белсенді мемлекеттік реттеуге бағытталған мадақтау шараларының қажеттілігі мақсатқа сай болып келеді. Екінші жағынан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметі төмен тиімділік көрсетіп отыр және сыйбайлас жемқорлық әлеуетінің жоғары болуы орын алады, себебі корпоративтік басқару формальды енгізіледі, ұйымдардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың қызметі ашық емес және табыс әкелмейді. Көптеген квазимемлекеттік сектор субъектілері респубикалық бюджет қаражатына ғана сеніп отырады.

Жалпы жекеше сектордағы көптеген кәсіпкерлік қызмет субъектілері елде жарияланған кәсіпкерлерді тексеруге мораторийді пайдаланып, өз қызметінде сыйбайлас жемқорлық құбылыстарына орын береді. Осы сектор Қазақстан Республикасы экономикасының 1/3 бөлігін алғандықтан, одан келетін зардап мемлекеттік сектордағы сыйбайлас жемқорлықтан кем болмайтыны ықтимал.

Демек, квазимемлекеттік және жекеше секторлар экономика саласының көп бөлігін алғандықтан, осы бағыттағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл экономиканың дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Transparency International халықаралық ұйымының рейтингісінің мәлеметтері бойынша сыйбайлас жемқорлық бойынша 100 баллдан 34 балл жинап Қазақстан 2019 жылы 113 орын алды. ТМД елдерінің ішінде Ресей Федерациясы 28 баллмен 137 орында, Украина, Қыргыстан, Әзіrbайжан 30 балламен 126 орында, Тәжікістан мен Өзбекістан 25 балламен 153 орынға иеленді.

Алайда, осындай нәтижелі іс-қимыл мемлекеттік секторды ғана қамтитыны түсінікті, бірақ квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық кеңінен орын алғып отыр және осы бағыттағы іс-қимылдың қажеттілігін туғызады.

Сондықтан, Жанат Кокеновна Каражанова ұсынған диссертациялық зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып келеді. Зерттеу барысында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлықтың тарихи аспектілері анықталды, сыйбайлас жемқорлық ұйымының қалыптасу мәселелері шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлерін салыстырмалы талдау жолымен жасалған, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының объективтік және субъективтік белгілеріне байланысты отандық қылмыстық заңнаманы жетілдіру ұсыныстары берілген. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың криминологиялық аспектісі талданып, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы-қимылдың жетілдіру бағыттары нақтыланып, оларға қарсы іс-қимыл шаралары берілген.

3. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдық қағидасына сай болуы.

Автормен квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі отандық қылмыстық құқық және криминология ғылымында алғашқы рет осындай кешенді зерттеу жүргізілгендігін ескеретін болсақ, диссертацияда автормен қол жеткізілген қорытындылар, тұжырымдар, нәтижелер жаңашыл болып табылады.

Автор диссертациялық зерттеу тақырыбын диссертациялық жұмыс және басылған ғылыми мақалалар жариялау барысында да жаңашыл екенін көрсете алды.

Диссертация бойынша келесі ғылыми жаңашыл тұжырымдар ұсынылған:

1-нәтиже жаңа, өйткені автор отандық және шетелдік галымдардың пікірлерін, сондай-ақ шетелдік заңнаманы талдау барысында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлыққа авторлық анықтама берген.

2-нәтижеде қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісін мұдде ұғымы арқылы негізден, мемлекеттік, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын бір тарауға біріктіру ұсынылды, сондықтан жаңа болып табылады.

3-нәтиже паракорлық қылмыстық құқық бұзушылық затын «мұліктік емес қызметтер, құқықтар, артықшылықтар» арқылы кеңейту жаңа болып келеді.

4-нәтиже жаңа, себебі фаворитизм негіздері бар әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық болмаған, сондықтан автор осындай әрекеттерді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-1 «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға оқталу» бабын ұсынған.

5-нәтиже автормен квазимемлекеттік сектордағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарын талдау барысында кездескен түсініктемелік аппаратында кемшіліктерді шешуге бағытталған. «Лауазымды өкілеттіктер» ұғымын «қызметтік өкілеттіктер» ұғымының орнына пайдалану және «мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындағын адам» ұғымын толықтыру ұсынылған.

6-нәтиже жаңа болып келеді, автор заңды тұлғаларды квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының субъектісі ретінде тану мақсатында бір топ өзекті мәселелерді шешкен. Автордың жеке тұжырымы заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту және жаза түрлерін қолдану мәселесін шешуге қатысты болып келеді. Заңды тұлғалардың кінәсі мәселесін автор қылмыстық құқық бұзушылық үшін оның басшысы немесе басқару функцияларын орындағын адам кінәсіне байланысты болу керек, - деп көрсетеді. Заңды тұлғаларға арнайы бұрын сонды болмаған соттылық жүктелуі ұсынылған.

7-нәтиже жаңа, себебі автор отандық және шетелдік заңнаманы талдау, криминологиялық аспектілерді толық ашу барысында квазимемлекеттік және

жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың шараларын ұсынған.

4. Зерттеу жұмысының дәйектілік қағидасына сай болуы.

Ж.К. Каражанованаң диссертациялық зерттеуінде әрбір нәтиженің, тұжырымдар мен қорытындылардың қай-қайсысы болсын дәйектеліп, негізделген.

Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерін ашып, қылмыстық заңға ұсыныстар әзірлеу және квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру мақсатын орындау үшін тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-логикалық, лингвистикалық және статистикалық әдістерді кеңінен қолданғаны бүкіл зерттеу көлемінде көрініп тұр.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылықтың тарихи қалыптасуы тарихи-құқықтық әдісті бұрынғы заманнан бастап қазіргі кезге дейінгі кезеңдерді бөліп алуға мүмкіндік туғызды. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық ұғымының қалыптасу мәселелері шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлерін салыстырмалы-құқықтық талдау жолымен анықталды.

Автор еңбегінің өң бойында деректерден дәйектеп, жалпыны нақтылауға ұмтылып отырғандығы байқалады. Бұл тұста оған формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық әдістер көмекке келген.

Диссертациялық зерттеуде ашылған криминологиялық аспектілерін сипаттау барысында зерттеуші саннын сапаға көшетін диалектикалық принцип пен статистикалық әдістер қолданған.

Ж.К. Каражанованаң зерттеуден алған нәтижелерінің, қолданған әдістәсілдерінің дәйектілігін қолдай тұсуге мәнділік пікіріміздің өзегі осымен өлшенеді.

Диссертацияда негізгі жеті тұжырым берілген, олардың әрқайсысы, диссертациялық зерттеу мәтінінде негізделген.

1-нәтиженің негізділігі мен дәйектілігі квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлыққа берілген авторлық анықтама отандық және шетелдік заңнама мен ғалымдардың ой-пікірлерін терең салыстырмалы-құқықтық талдау әдісін пайдалану негізінде анықталады.

2-нәтиженің негізділігі қылмыстық құқық ғылымында бірыңғай тектік объекті - бағыттар бойынша қызмет мүдделері болғандықтан, ұқсас еki тарауды бір тарауға біріктіру отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерін ой-талқыға салу, шетелдік заңнаманы салыстырмалы талдау, формальды-логикалық әдістердің пайдаланғанына байланысты қол жеткізілді.

3-нәтиженің негізділігі мен дәйектілігі халықаралық және отандық заңнаманың, сот-тергеу практикасының талдануы барысында параллель қылмыстар затын «мұліктік емес қызметтерді көрсету, мұліктік емес

құқықтар мен өзге де құқыққа қайшы артықшылықтар» сиякты ұғымдармен толықтыру мүмкін болды.

4-нәтиже дәйекті, себебі сот-тергеу практикасының материалдарын талдау барысында фаворитизмді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-1 «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға оқталу» бабын беру мүмкін болды.

5-нәтиженің негізділігі квазимемлекеттік сектордағы сыйайлар жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарын талдау, жалпы ғылымдық және лингвистикалық әдістердің қолдануына байланысты және құқық қолдану тәжірибесін зерделеу жолымен түсініктемелік аппараттағы кемшіліктер анықтаудың және шешу жолдарын берумен сипатталады.

6-нәтиженің дәйектілігі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми пікірлері мен шетелдік заңнаманы талдау арқылы заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылықта тарту және жаза түрлерін қолдану мәселесін шешуге қатысты болып келеді.

7-нәтиженің негізділігі мен дәйектілігі статистикалық әдістер қолдану, отандық және шетелдік заңнаманы талдау барысында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйайлар жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл шаралары анықталды.

5. Өзі жазу мен академиялық адалдық қағидасына сай болуы.

Диссертациялық зерттеуде автор оны дербес орындағаны көрініп тұр. Ол ұсынған тұжырымдар қылмыстық құқық және криминология ғылымына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Автор кеңінен Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының қылмыстық істер бойынша материалдарын, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет мәліметтерін, Қазақстан Республикасының әртүрлі аумақтарында жасалған сыйайлар жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша қылмыстық істердің материалдарын зерделеген.

Диссертация авторы академиялық адалдық қағидасына қатысты «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы, Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығының 5-тармағын толық ұстанған. Басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтаған.

6. Зерттеу жұмысының ішкі бірлігін бағалау.

Диссертациялық зерттеу логикалық жағынан дұрыс аяқталған және ішкі бірлігі бар кешенді еңбек болып табылады. Зерттеу мақсаты мен міндеттері қорғауға ұсынылған тұжырымдарда өз орнын тапқан.

7. Диссертацияның практикалық құндылық қағидасына сай болуы.

Автормен ұсынылған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар қылмыстық құқықтың және криминологияның дамуына үлкен үлес қосады, себебі квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйайлар жемқорлықта қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру және оны қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспекттерде қарастыру бағытында теориялық көзқарастар жүйесіндегі кемшіліктер орнын толтырады.

Диссертация нәтижелері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы жетілдіру барысында заншығарушымен, квазимемлекеттік және жекеше секторларда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл шараларын жүзеге асыру барысында құқық қорғау органдарымен және жоғарғы оқу орындарының заң факультеттерінде «КР Қылмыстық құқығы», «Криминология» сынды пәндерді оқыту барысында қолданылуы мүмкін.

Диссертация нәтижелері мен тұжырымдары заң шығарушы органда, құқық қорғау органдарының қызметінде қолданылатындығы жөнінде енгізу актісімен расталған.

8. Диссиденттың негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертация авторы 10 ғылыми мақала жарияланған: 1 мақала «Scopus» компаниясының мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті журналында, 5 мақала халықаралық ғылыми конференцияларда, 1 мақала «Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің хабаршысы» халықаралық журналында жарық көрген:

-Меры противодействия коррупционной преступности в квазигосударственном и частном секторах Республики Казахстан //Всероссийский криминологический журнал. - 2017. - Т. 11. № 1. - С. 190–204. - DOI: 10.17150/2500-4255.2017.11(1). С.190-204.

-Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстылығын алдын алудың өзекті мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №3 (118). – Астана: ЕҮУ, 2017. - Б. 509-512.

-Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастырып алдын алуда мемлекеттік органдар қызметінің рөлі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы.– 2017. – № 5 (120). – Астана: ЕҮУ. – Б. 510-516.

-Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыйбайлас жемқорлық ұғымының қалыптасуы туралы мәселесіне // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. - №1 (55). – Астана, 2019. 168-173.

-К понятию коррупции в квазигосударственном и частном секторе Республики Казахстан // Уголовный закон: современное состояние и перспективы развития: материалы II Международной научно-практической конференции, приуроченной ко дню принятия Уголовного Кодекса РФ. – Воронеж, 2018. – С.377-384.

-Совершенствование антикоррупционного законодательства в квазигосударственном и частном секторе Республики Казахстан // «Қылмыстық юстиция қызметінің конституциялық қағидаларын жүзеге асыру аясында заннамаларды одан әрі дамытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы, 2018 жылғы 25 мамыр. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018. Б. 208-211.

-Проблемы противодействия коррупции: анализ законодательства //«Дидактический мост: Европа-Азия». Сборник материалов международного образовательного форума. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2018. -С.298-301.

-Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыйбайлас жемқорлық үшін жауаптылықты көздейтін заннаманы жетілдірудің кейбір сұрақтары // Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарының жинағы (30 тамыз 2017

ж.) /Жалпы ред. басқарған И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, Е.Б. Сыздықов. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, 2017. - Б. 335-338.

-Зарубежный опыт борьбы с коррупцией в квазигосударственном и частном секторе: анализ международно-правовых актов //«Актуальные вопросы противодействия коррупции: взгляд ученого и практика»: Материалы Международной заочной научно-практической конференции. / Гл. ред. Ш.А. Курманбаева. – Семей:Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет. - 2018. С.59-61.

-Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстырығына қарсы әрекет етудің өзекті сұрақтары //«Қазақ инновациялық гуманитарлық-зан университетінің хабаршысы» халықаралық журналы № 3 (39), Семей, 2018. – Б.99-104.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыстың жаңалық деңгейінің жоғары болғанымен, онда келесі кемшіліктер бар:

- диссертациялық зерттеуде автор квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың шараларын ұсынады, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын жеке бөлімше ретінде қарастырғанда жұмыс нәтижелі көрінер еді;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлар экономиканың бөлек секторлары болғандықтан, дербес квазимемлекеттік сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл атты бөлек диссертациялық зерттеулер жүргізуге болар еді.

Аталған ескертулер ұсыныс сипатында және жалпы жұмыстың он бағасы мен ғылыми құндылығына әсер етпейтінін атап өткен жөн.


10. Диссертацияның «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына сәйкестігі.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен рәсімделуі «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығының талаптарына сай орындалған.

Каражанова Жанат Кокеновнаның «Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті ғылыми жұмыс болып табылады. Жүргізілген зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелері ғылыми және іргелі мәнге ие.

Сондықтан, Каражанова Жанат Кокеновна 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент,
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор**



Канатов А.К.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
«23» 06 2020 ж.

